ҚҚЭУ-дің оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында «БЕКІТІЛГЕН»
№2 Хаттама «28» қыркүек жыл
ҚҚЭУ ӘӘК төрайымы
_____ Р.О. Бұғыбаева

емтихандарды жазбаша, ауызша және аралас түрде өткізу бойынша НҰСҚАУЛЫҚ

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы нұсқаулық келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің «20» сәуір 2011 жылғы № 152 бұйрығымен бекітілген, «Қашықтықтан оқыту технологиялары бойынша оқу процесін ұйымдастыру Ережесі»;
- 25.12.2018ж. бекітілген, «ҚҚЭУ-де студенттердің біліміне бақылауды ұйымдастыру және өткізу Ережесі».

1.2 Нұсқаулықты университет белгілі бір пәндер үшін критерийлерге сәйкес студенттердің теориялық білімдері мен практикалық кәсіби машықтарының және дағдыларының(құзыреттерінің) деңгейін бағалауды және анықтауды жүзеге асыру үшін қолданады.

1.3 Нұсқаулық тиісті білім беру бағдарламалары бойынша оқу пәндерін игерудің сапасын бақылау рәсімін реттемелейді.

1.4 Білім алушылардың емтихан сессиялары кезеңіндегі оқу жетістіктерін тексеру, зерделенген пәндер бойынша емтихандар тапсыру түрінде өткізіледі. Емтихандар ауызша, жазбаша және аралас түрде, сондай-ақ тестілеу түрінде өткізіледі.

1.5 Білім алушының оқудағы жетістіктері - оқу процесінде олар ие болатын және тұлғаның дамуының жеткен деңгейін көрсететін, білімі, машықтары мен дағдылары және құзыреттері.

1.6 Білім алушының оқудағы жетістіктерін бақылау - әр түрлі бақылау түрлерін (ағымдық, аралық және қорытынды) пайдалану және аттестаттау өткізу негізінде білім алушының білім деңгейін тексеру.

1.7 Емтихандар бүкіл кәсіби оқу бағдарламасы бойынша білім алушының оқудағы жетістіктерін тексерудің түрі болып пайдаланылады және академиялық кезең ішіндегі білім алушының оқудағы жетістіктерін, алған теориялық білімін, олардың меңгеру, ұғып алу беріктігін, шығармашылық ойлауын дамытуды, өздік жұмыс жасау дағдыларын, алған білімін синтездей білуді және оларды практикада қолдана білуді бағалау мақсатын көздейді.

2. Емтихандардың негізгі түрлері

2.1 Ауызша емтихан — қағазға түсірілмеген, ауызша жауап беруді қажет ететін емтихан түрі. Емтихан тапсырушы өзі үшін пайдаланатын, тезис түрінде баяндалған материалға рұқсат етіледі.

2.2 Жазбаша емтихан, білім алушы емтихан ішінде сұрақтарға жауап жазатын емтихан түрі.

2.2.1 Эссе — студенттерге бір немесе екі сұрақ ертерек(мысалы, бір апта бұрын) хабарланатын, емтихан түрі. Әдетте емтиханның осы түрін тапсыру үшін өзінің зерттеушілік немесе талдампаздық(аналитикалық) дағдыларын көрсетулері қажет.Нәтижесі берілген тақырып бойынша қысқаша эссе түрінде ресімделеді. Студенттер емтихан күні, ертерек дайындауы тиіс, өзінің эссесін жазады. Емтиханның осы түріне ұсынылатын сұрақтарға жауаптарды оқулықтардан тікелей табуға болмайды. Тапсырманы ойдағыдай орындаулары үшін, студенттер идеаларымен алмасу және өздерінің зерттеулерінің алдын ала нәтижелерін талқылау үшін, жиі түрде бірге жиналады. Эссе түріндегі жазбаша емтихан, құбылыстар мен процестердің мән-маңызын, ұсынылып отырған дәлелдердің қисындылығы мен тізбектілігін түсіндіруде, өзінің пікірін айта білуге шығармашылық тұрғыдан қарауды көздейді.

2.3 Жоба - студентке ертерек бекітіліп берілген тақырып бойынша, архивтерде және ғылыми экспедициялар құрамдарында жұмыс жасау арқылы кең дерек көздерін пайдалана отырып, зерделеген пән шеңберінде орындалған ғылыми немесе шығармашылық жобаны қорғау түріндегі емтихан.

2.4 Аралас емтихан түрі – жазбаша тапсырманы орындау және ауызша бөлігі сияқты екі кезеңде өткізілетін емтихан түрі.

2.5 Шығармашылық емтихан – шығармашылық мамандықтарға сәйкес келетін білім, дағды, құзыреттер мен қабылеттер деңгейін тексеру.

3. Емтихандар өткізу рәсімі

3.1 Әрбір пән бойынша емтихан өткізудің түрі мен тәртібін оқытушы академиялық кезең басталған айдан кешіктірмей анықтайды және ҚҚЭУ Ғылыми кеңесінің шешіміміен бекітіледі.

3.2 Кафедралар емтихан өткізу түрлерін отырыстарда қарауы және бекітуі, сондай-ақ аталмыш ақпаратты академиялық кезең басталғаннан бір айлық мерзімнен кешіктірмей оқу процесін жоспарлау Қызметіне беруі тиіс.

3.3 Емтихан өткізу үшін, негізінен, аталмыш академиялық топта(кезеңде) оқу сабағын жүргізбеген, осы оқу пәнінің бейініне сәйкес келетін біліктілігі бар жетекші профессорлар, доценттер қатарынан тәуелсіз емтихан алушылар тағайындалуы мүмкін.

3.4 Емтихандар өткізу рәсіміне қатыспайтын тұлғалардың қатысуына, Академиялық даму департаменті директорының жазбаша рұқсатынсыз тыйым салынады.

3.5 Емтихандар жазбаша, ауызша, тестілік немесе аралас түрлерде өткізіледі. Емтиханның ауызша түрі кезінде бір күн ішінде екі немесе одан да көп емтихандар тапсыруға рұқсат етілмейді. Шығармашылық мамандар бойынша шығармашылық емтихан түрін өткізу көзделген.

3.6 Оқудың барлық түрлері үшін емтихандардың кестесін оқу процесін жоспарлау Қызметі жасайды және академиялық мәселелер және жаңа технологиялар жөніндегі проректор бекітеді. Емтихандар кестесі емтихан сессиялары басталғанға дейін екі аптадан кешіктірілмей студенттер мен оқытушылардың назарына жеткізіледі.

3.7 Емтихан билеттері бақылау сұрақтары негізінде әзірленеді және тұтастай алғанда барлық пән бойынша білім алушының оқудағы жетістіктерін бағалау мүмкіндігін беруі тиіс. Билетке, негізінен, пәннің әр бөлімдерінен(модульдерінен) кем дегенде үш сұрақ енгізілуі тиіс. Егер пәннің практикалық бағытталушылығы жоқ болса, онда сұрақтардың біреуі есептеулерді жүзеге асыруға, есептерді шешу дағдыларын анықтауға арналып құрылуы тиіс.

3.8 Сұрақтар:

- мүмкіндікке қарай емтиханға ұсынылған барлық материалды қамтитындай болып;
- толық жауаптың мазмұны қысқа болатындай болып;
- практикалық сұрақтар(есептер) теориялық сұрақтарды толықтыратындай және кеңейтетіндей, сондай-ақ басым түрде кешенді сипатқа ие болатындай болып іріктеліп алынуы және тұжырымдалуы тиіс.

3.9 Емтихан билеттері пәндердің оқу-әдістемелік кешенінде сақталады(1-ҚОСЫМША).

4. Жазбаша емтихандар түрлерін өткізу рәсімі

4.1 Жазбаша емтиханды, материал басым түрде есептерді шешуден, формулаларды шығарудан, теорияларды дәлелдеуден және т.б. тұратын пәндер бойынша немесе сағаттар саны бойынша арнайы, базалық, көлемді болып саналмайтын және кең және толық жауапты қажет етпейтін, ұғымдармен, логикалық ойлаулармен, қорытындылар жасай білумен байланысты теориялық пәндер бойынша өткізуге ұсыным беріледі. Матрицалық формада қабылданатын тестілік тапсырмалар, сондай-ақ емтихандардың жазбаша түріне жатқызылады.

4.2 Жазбаша емтиханның ұзақтығын материалдың мазмұнына қатысты әрбір пән бойынша кафедра жеке белгілейді, бірақ 3 сағаттан артық емес. Матрицалық форма бойынша тестілік тапсырмалар үшін, тапсырмалардың күрделілігіне қатысты әрбір сұраққа 1-ден 3 минутқа дейін уақыт белгіленеді.

4.3 Жазбаша жұмыстар шифрлау процесінен өтеді. Жазбаша жұмыстарды шифрлауды деканат жүзеге асырады.

4.5 Әрбір жұмыс бетінде тексеруші ескертпе және белгі жасау үшін бос орын(поля) қалдырылады.

4.6 Емтихан басталғанға дейін деканаттар емтихан алушыға факультет мөртабаны қойылған және оған бекітілген түбіршекпен жауап парақтарын береді(2-ҚОСЫМША).

4.7 Матрицалық тестілеу кезінде жауаптар парағын деканат белгіленген үлгі бойынша береді.

4.8 Емтихан аяқталғаннан кейін тәуелсіз емтихан алушы, шифрлау рәсімдерін өткізу үшін түбіршектермен бірге жауаптар парағын деканатқа тапсырады.

4.9 Шифрлар беруді факультеттер деканаттары дербес жүзеге асырады.

4.10 Түбіршектерсіз жауаптардың парақтары шифр беріле отырып тексеру жүргізу үшін тәуелсіз емтихан алушыға және/немесе оқытушыға беріледі.

4.11 Жазбаша жұмыстарды тексеру емтихан өткізілген аудиторияда немесе деканат бөлген орында жүргізіледі. Жұмыстарды университеттен тыс жерлерде тексеруге рұқсат етілмейді.

4.12 Шифры бар түбіршек деканатта емтихандарды тексеру рәсімдері аяқталғанға дейін сақталады.

4.13 Жауап парағына бағалар қойылғаннан кейін ғана емтихан ведомостілерін толтыру үшін түбіршектер тәуелсіз емтихан алушыға және оқытушыға беріледі

4.14 Сессия аяқталғаннан кейін бір аптадан кейін жазбаша емтихандар бойынша студенттердің жауаптар парақтары жойылады.

5. Ауызша емтихандар түрлерін өткізу рәсімі

5.1 Ауызша емтихан өткізу кезінде әрбір емтихан алушы(тәуелсіз емтихан алушы және/немесе оқытушы) Ауызша емтихан парағын толтырады(3-ҚОСЫМША). Осы парақта әрбір студенттің жауабының басталуы мен аяқталу уақыты, билет сұрақтарына және қосымша сұрақтарға жауаптардың дұрыстығы мен толықтығы белгіленеді. Онда баға қойылып, оның қатарына емтихан алушылар қолдарын қояды.

5.2 Емтихан билетінің әрбір сұрағына 100 балдық шкала бойынша баға қойылады, орташа баға шығарылады,40% есептеледі және өткізілген емтихан үшін қорытынды баға қойылады.Емтихан билетіндегі 3 сұраққа қорытынды бағаны есептеу үшін мынадай формула ұсынылады:

$$\frac{\sum Б}{3} \times 0{,}4 = Сб \text{, мұнда}$$

$\sum Б$ – 100 балдық шкала бойынша әрбір сұрақ үшін баллдар сомасы; *Сб* – қорытынды баға пайызбен(40%-ға сүйене отырып).

5.3 Қорытынды баға емтихан ведомосіне қойылып, оған емтихан алушы қолын қояды.

5.4 Ауызша емтихан түрін өткізу кезінде аудиторияда бір мезгілде 7-ден артық білім алушының болуына рұқсат етілмейді.

5.5 Емтиханға алғаш болып кірген жеті білім алушыға жауапқа дайындалу үшін 40 минут және одан кейін кірген әрбір білім алушының әрбіріне 10 минут беріледі.

6. Аралас емтихандар түрлерін өткізу рәсімі

6.1 Аралас емтихан екі кезеңде өткізіледі:

1. жазбаша тапсырманы орындау;
2. емтиханның ауызша бөлігі.

6.2 Әрбір кезең осы нұсқаулық талаптарына сәйкес жазбаша және аукызша емтихан өткізу рәсімдеріне сәйкестікте өткізіледі.

7. Эссе түрінде ресімделетін жазбаша жұмысқа қойылатын талап

7.1 Эссе тақырыпта қойылған сұраққа жауапты білдіретін немесе берілген проблеманы ашып көрсететін, дербес қысқаша ғылыми жұмыс болуы тиіс.

7.2. Жұмыстың мазмұны төменде айтылғандарды біржақты көрсетуі тиіс:

- студенттің әртүрлі зерттеулерде айтылған проблемаларға көзқарасы(бұл орайда дерек көзіне сілтеме емес, оның көзқарасының мазмұнын беруі қажет);
- фактологиялық) материалды(белгілі бір дәуірдің даму үрдістерін, оқиғаны, тұлғаны, жалпы деректерді, көрсеткіштерді және т.б.) игеру және оларға жүгіне білу**;**
- жұмыс нормативтік материалды немесе доктриналық айқындамаларды баяндауда нақты қателіктерді болдырмауы тиіс;
- қарастырылып отырған проблема бойынша дербес айқындамасын дәлелді баяндай білу(проблемаларды дербес шешу) немесе айтылған көзқарастардың бірін қолдау үшін қосымша дәлелдерді баяндау.

7.3 Эссе түріндегі ғылыми жұмыстың құрылымы келесідей компоненттерден тұруы тиіс:

- Кіріспе: тақырыптың маңызы және негіздемесі.
- Тақырыпты дамыту: фактологиялық материал(идея, модельдер және деректер) негізінде дәлелдермен ашып көрсету.
- Қорытынды: тақырып бойынша жинақтау және дәлелді қорытындылар.

8. Білім алушының білімін бағалау критерийлері

8.1 Емтихандардың ауызша, жазбаша, аралас түрлерін бағалау кезінде мынадай критерийлер есепке алынады:

- зерделенетін пәндік саланың негізгі процестерін: сұрақты ашудың тереңдігі мен толықтығын білу;
-терминологиялық аппаратты игеру және оны жауап беру кезінде пайдалану;

- құбылыстардың, оқиғалардың, процестердің маңызын түсіндіре білу, жинақтау және қорытындылар жасай білу, дәлелді жауаптар беру;

-ғылымның белгілі бір саласына талдау жасай білу;

- жауаптың қисындылығы мен дәйектілігі, қойылған сұрақтарға жауап бере білу, талқыланатын проблема бойынша өз пікірін білдіру.

8.2 Белгілі бір пән бойынша оқытушының жеке көзқарасын көрсететін бағалау критерийлерін оқытушының өзі дербес әзірлеуі қажет және факультеттің әдістемелік бюро отырысында қаралуы тиіс(№ 4-ҚОСЫМША)

8.3 Студенттерді қорытынды бақылау кезіндегі білімін бағалаудың бекітілген критерийлері емтихан билеттерімен бірге конвертке салынып жапсырылып жабылуы тиіс және/немесе пән силлабусында көрсетілуі мүмкін.

8.4 Білім алушының оқудағы жетістіктері(білімі, машықтары мен дағдылары және құзыреттері), сәйкесінше 4-баллдық шкала бойынша цифрлық эквивалентпен халықаралық тәжірибеде тиісті қабылданған әріптік жүйедегі(«A»-дан «D»-ға дейін кему шамасына қарай, оң бағалар, «қанағаттандырарлықсыз» - «F», «FX») 100-баллдық шкала бойынша бағаланады.

8.5 Бақылаудың барлық түрлері бойынша білім алушының білімі, машықтары мен дағдылары және құзыреттері, тура пропорционал қатынасқа ие, балльдық-рейтингтік әріптік жүйе бағалармен анықталады.

Әзірлеген:

Академиялық даму
Департаментінің директоры М.Т. Даниярова

Келісілді:

Стратегиялық даму
Департаментінің директоры С.А. Муликова

1-ҚОСЫМША

ЕМТИХАН БИЛЕТІНІҢ ҮЛГІСІ

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Кафедра _____

Пән «_____»

БИЛЕТ № __

1. …

2. …

3. …

Кафедра меңгерушісі ТАӘ

2-ҚОСЫМША

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

_____

(факультеттің атауы)

Топ_____ ББ_____

Студенттің Т.А.Ә._____

Пәннің атауы_____

Билет№_____

Емтихан өткен күн «____»_____2019 ж.

ШИФР_____ **Мөрдің орны**

(мөрдің бір бөлігі жауаптар парағына түсуі тиіс)

ҚАЗТҰТЫНУОДОҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

_____

(факультеттің атауы)

Топ_____ ББ_____

Студенттің Т.А.Ә._____

Пәннің атауы_____

Билеттің № _____

Емтихан өткен күн «____»_____2019 ж.

ШИФР_____ **Мөрдің орны**

(мөрдің бір бөлігі жауаптар парағына түсуі тиіс)

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

_____

(факультеттің атауы)

Топ_____ ББ_____

Студенттің Т.А.Ә. _____

Пәннің атауы _____

Билеттің№_____

Емтихан өткен күн «____»_____2019 ж.

ШИФР_____ **Мөрдің орны**

(мөрдің бір бөлігі жауаптар парағына түсуі тиіс)

ҚАЗТҰТЫНУОДАҒЫ ҚАРАҒАНДЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

_____

(факультеттің атауы)

Топ_____ ББ_____

Студенттің Т.А.Ә. _____

Пәннің атауы _____

Билеттің№_____

Емтихан өткен күн «____»_____2019 ж.

ШИФР_____ **Мөрдің орны**

(мөрдің бір бөлігі жауаптар парағына түсуі тиіс)

3-ҚОСЫМША

АУЫЗША ЕМТИХАН ПАРАҒЫ

Емтихан өткен күн: «___»_____2019 ж.
Емтиханның өту уақыты _____ сағаттан _____ сағатқа дейін
Топ_____

Пән_____

Емтихан алушы:_____

№	Білім алушының Т.А.Ә.	Емтихан билетінің№	Баға			Қосымша сұрақ үшін баға	Қорытынды баға
			1-ші сұрақ үшін	2-ші сұрақ үшін	3-ші сұрақ үшін		
1.							
2.							
3.							
4.							
5.							
6.							
7.							
8.							
9.							
10.							
11.							
12.							
13.							
14.							
15.							
16.							
17.							
18.							
19.							
20.							
21.							
22.							
23.							
24.							
25.							
26.							
27.							
28.							

Емтихан алушы_____ **Қолы**_____

Тәуелсіз емтихан алушы
_____ **Қолы**_____

4-ҚОСЫМША

Баллдар		Бағалар қою критерийлері
А	**95-100**	Терең және толық білімді көрсету және зерделенген материалдың бүкіл көлемін түсіну; қарастырылып отырған ұғымдардың, құбылыстар мен заңдылықтардың маңызын, теориясын, өзарабайланыстарын түсіну. Зерделенген материал негізінде толық және дұрыс жауап бере білу, басты қағидаларды бөліп көрсете білу, жауапты нақты мысалдармен, деректермен дербес баяндау, дәлелдермен дербес талдау жасау, жинақтап, қорытынды жасау. Пәнаралық(бұрын алған білімі негізінде) және пәнішілік байланыстарды анықтай білу.
А-	**90-94**	Сұрақта берілген проблема анық тұжырымдалған. Жауаптың мазмұны жеткілікті түрде толық, бағдарламада қойылатын талаптарға сәйкес баяндалған. Жауаптың мазмұны дәйектілікпен баяндалған. Талқыланып отырған проблема терең және жанжақты талданған. Түбегейлі нақты қателіктер жіберілген жоқ. Қорытындылар дәлелді және мол нақты материалға сүйенген. Дегенмен сұрақта берілген тақырыптан 1-2 елеулі емес ауытқулар ғана бар, 1-2 елеулі емес нақты қателіктер болды, сондай-ақ сәйкестік критерийлерінде баяндалған талаптарды бұзатын елеулі емес қателіктер болды.
В+	**85-89**	Бүкіл зерделенген бағдарламалық материалды білу. Зерделенген теория негізінде толық және дұрыс жауап берді, зерделенген материалды көз алдыға елестету, ұғымдарды анықтау кезінде шамалы қателіктер мен кемшіліктер болды, ғылыми терминдерді пайдалану кезінде немесе қорытындылар мен жинақтауларда дәлсіздіктер болғанымен, материал белгілі бір логикалық тізбектілікпен баяндалады.Дегенмен, осы орайда бір өрескел емес қателікке жол берілді немесе екеуден көп емес кемшіліктер болды және талап еткен жағдайда немесе оқытушы сәл көмектессе студент оларды өз бетімен түзей алады, негізінен, оқу материалын игерген, нақты мысалдармен жауап беруі оны растайды.
В	**80-84**	Зерделенген материалдағы басты қағидаларды дербес бөліп көрсете білуі, деректер мен мысалдар негізінде жинақтап, қорытынды жасай білуі, пәнішілік байланыстарды анықтай білуі. Алған білімін практикада қолдана алуы, ғылыми терминдерді пайдалана алуы. Дегенмен анықтамалық әдебиетпен, оқулықпен, бастапқы дерек көздерімен жұмыс жасау дағдыларын жеткілікті игермеген(дұрыс бағдарланады, бірақ жұмыс жасауы баяу). Баяндау кезінде өрескел емес қателіктер жібереді.
В-	**75-79**	Кейбір маңызды деректерді назардан шығарып алады, бірақ қорытындылары дұрыс, деректерді әрқашанда салыстыра бермейді және бір бөлігі проблемаға жатпайды, негізгі проблеманы бөліп көрсете алады, бірақ әрқашан терең түсіне бермейді, қарамақайшылықтың бәрі бөліп көрсетілмейді.
С+	**70-74**	Жауапта тақырыптан түбегейлі ауытқуларға жол берілді. Сұрақта көзделген проблеманы талдау фрагментті, толық сипатқа ие емес.
С	**65-69**	Студент жекелеген жағдайларда ғана талданатын проблемалардың іргелі дүниетанымдық проблемалармен байланысын, ұсынылған сұраққа жауап беру үшін маңызды негізгі ұғымдарды білуін және оларды жауап беру процесінде пайдалана білуін көрсетті.

C-	**60-64**	Себептік-салдарлық байланыстарды ішінара бұзу, шамалы логикалық дәлсіздіктер, бірқатар негізгі деректерден, барлық детальдарда дерлік қателіктер жіберу, детальдар келтірілгенімен, талданбайды, деректер әрқашанда пікірлерден бөліп көрсетілмейді, бірақ студент олардың арасындағы айырмашылықты түсінеді.
D+	**55-59**	Маңызды деректердің көпшілігі жоқ, қорытындылар жасалмайды, деректер қарастырылып отырған проблемаға сәйкес келмейді, оларды салыстырмайды, негізгі проблеманы бөліп көрсете алмау(тіпті қателік жіберу).Өрескел нақты қателіктер саны көп. Студенттің жауабында талданып отырған проблеманың іргелі және негізгі проблемалармен байланысын түсіну жоқ.
D	**50-54**	Қойылған сұрақтар шектерінде бағдарламалық материалдың елеулі және негізгі бөлігін түсінбеу және білмеу, оларды нақты мәселелерді шешуге қолдануға қабылетсіздігі. Жауап беру кезінде, жетелейтін сұрақтардың көмегі болған кездің өзінде студент түзей алмайтын өрескел қателіктерге жол берілді.
FX	**25-49**	Материалдың негізгі мазмұны игерілмеген және ашылып көрсетілмеді. Қорытындылар мен жинақтаулар жоқ. Жауапты баяндау процесінде зерделенген бағдарламадан және тақырыптан түбегейлі ауытқу.
F	**0-24**	Материалдың негізгі мазмұны игерілмеген және ашылған жоқ. Жинақтаулар мен қорытындылар да жоқ. Студенттің жауабында өрескел қателіктерге жол берілді. Жауап беруден бас тарту.